



Абай елі

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

БАСЫЛЫМ 1935 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№29 (867)

1 - 7 тамыз 2026 ЖЫЛ



Штаб отырысы

Мәлімет

Облыс әкімі орынбасарының жұмыс сапары



Кеңес барысында әр ауылдық округ әкімі шөп шабу науқанының бүгінгі жағдайы мен жоспардың орындалу барысы туралы баяндама жасады.

Жиын қорытындысы бойынша әрбір ауылдық округ әкіміне қысқы мал азығын дайындау жұмыстарын тұрақты бақылауда ұстап, жоспарлы көрсеткіштердің толық орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ қажеттілік туындаған жағдайда жетіспейтін мал азығын көршілес аудандардан жеткізу мәселесін алдын ала пысықтау тапсырылды.

Облыс әкімінің орынбасары Думан Рыспекулы пен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ертай Мүбәрекұлы ауданға жұмыс сапарымен келіп, 2026-2027 ж. қысқы кезеңге мал азығын дайындау мәселелері бойынша штаб отырысын өткізді.

Аудан әкімі Мейіржан Серікбосынұлының, аудандық ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімінің өкілдерінің, сондай-ақ барлық ауылдық округ әкімдерінің қатысуымен алдағы қысқы кезеңге мал азығын дайындау жұмыстары бойынша кеңес өткізілді.



Аппараттық кеңес

Өзекті мәселелер талқыланды



Абай ауданының әкімі Мейіржан Серікбосынұлы кезекті аппараттық кеңес өткізді. Бөлім мен мекеме басшылары, сондай-ақ ауылдық округ әкімдері қатысқан жиында бірқатар өзекті мәселелер қаралды.

Отырыстың кіріспесінде жаңадан құрылған «Абай облысы Абай ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты Абай облысы Абай ауданының «Туристтік ақпараттық орталығы, сондай-

ақ бұқаралық және ұлттық спорт ойындарының орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Ғабитов Аманбек Ғабитұлы таныстырылды. Аудан әкімі жаңа жетекшінің алдағы жұмысына сәттілік тілеп, аталған орталықтың өңірдегі туризмді дамыту мен ұлттық спортты насихаттауда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Келесі кезекте «10 тамыз – Абай күні» мерекесіне дайындық барысы баяндалды. Ауданның сыртқы келбеті де назардан тыс қалған жоқ. Атап айтқанда, «Таза Қазақстан» республикалық акциясының жүзеге асырылуы, көшелердегі аншлағтардың, ғимараттар мен тұрғын үйлердің, мекеме қасбеттерінің талапқа сай рәсімделуі және орналастырылуы мәселелері кеңінен талқыланды.

Жиында қаржылық және әлеуметтік мәселелер де көтерілді. Ауылдық округтердің жеті айдағы меншікті кірістерінің орындалу барысы сараланып, жыл соңына дейінгі жоспарлы көрсеткіштер талқыланды. Сонымен қатар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қолдау жұмыстарының барысы баяндалып, ерекше қажеттілігі бар азаматтар үшін әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын бейімдеу және олардың қолжетімділігін арттыру бағытындағы жоспарлардың орындалуы сөз болды.

Кеңесте жауапты сала басшылары бұған дейін берілген хаттамалық тапсырмалардың орындалу барысы жөнінде есеп берді. Жиын қорытындысы бойынша аудан әкімі Мейіржан Серікбосынұлы тиісті бөлімдер мен мекемелердің басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Ж.Қажықызы

Әкім назарында

Қарауылдағы жөндеу жұмыстарының барысы



Аудан басшысы Қарауыл ауылындағы жөндеу жұмыстарының барысын бақылады.

Аудан әкімі Мейіржан Серікбосынұлы Қарауыл ауылында жүзеге асырылып жатқан бірқатар жөндеу және жаңғырту жұмыстарының барысын бақылап, жауапты сала басшыларымен бірге нысандарды аралады.

Алдымен аудан басшысы «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының «Kitap-Lab» жобасы аясында аудандық орталық кітапхананы заманауи талаптарға сай қайта жаңғырту жұмыстарына дейінгі ағымдағы жөндеу жұмыстарының барысын талқылады.

Жоба шеңберінде кітапхананың материалдық-техникалық базасы жаңартылып, жаңа жиһаздармен, цифрлық және заманауи техникалық құралдармен жабдықтау көзделген. Аудан әкімі жауапты басшыларға жұмысты белгіленген мерзімде әрі сапалы аяқтауды тапсырды.

Одан кейін Қарауыл ауылдық округі әкімдігі ғимаратының үш қабатында жүргізіліп жатқан ағымдағы жөндеу жұмыстарының барысын көрді. Сондай-ақ, аудандық қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлім ғимаратын орталық жылу қазандығына қосу бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың барысын бақылады.

Нысандарды аралау қорытындысында аудан басшысы жауапты сала басшыларына барлық жұмыстарды тұрақты бақылауда ұстап, олардың сапалы әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Ауруханаға жаңа құрылғылар табысталды

Шалғай жатқан елді мекендерде сапалы медициналық көмек көрсету, жергілікті ауруханалардың материалдық-техникалық базасын жаңарту бүгінгі таңда ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осы орайда мемлекеттік бағдарламалардан бөлек, жеке қайырымдылық қорларының ауыл медицинасын дамытуға қосып жатқан үлесі ерекше.

Солардың бірі – 2017 жылдан бері аудандық орталық аурухананың жағдайын жақсартуға жүйелі түрде қолдау көрсетіп келе жатқан «Асқар Жакулин атындағы қайырымдылық қоры». Мұраты биік ұйым биыл да игі дәстүрінен жаңылмай, Абай ауданының орталығы – Қарауыл ауылындағы Абай аудандық ауруханасына заманауи медициналық құрылғыларды сыйға тартты.



Дертті ерте анықтауға жол ашады

Бұл жолы аурухана қордың қолдауымен арнайы офтальмологиялық жабдықтарға қол жеткізді. Атап айтқанда, емдеу мекемесіне:

– Оңтүстік Кореяда өндірілген заманауи авторефрактометр;

– арнайы линзалар жиынтығы;

– Бубновский әдісі бойынша оңалту шараларын жүргізуге арналған көпфункционалды реабилитациялық тренажер табысталды.

Мұндай заманауи аппараттардың ауыл ауруханасына берілуі – жергілікті тұрғындар үшін үлкен жеңілдік. Себебі бұған дейін көз ауруларын сапалы диагностикалау немесе жүйелі оңалту емдерін алу үшін аудан халқы облыс орталығына немесе алыс қалаларға қатынауға мәжбүр болатын. Ендігі жерде науқастарды тексеру мен емдеу шаралары өз ауылында, заманауи талаптарға сай жүргізіледі. Бұл – уақытты да, қаражатты да үнемдейтін тиімді шешім.



Ел ризашылығы мен еңбек базасы

Бұл игі шара салтанатты жағдайда өтті. Аудан әкімі Мейіржан Серікбосынұлы сөз алып, қор өкілдеріне ел саулығын нығайтуға қосқан үлесі үшін аудан халқының атынан шынайы ризашылығын білдірді.

Биыл «Асқар Жакулин атындағы қайырымдылық қорының» құрылғанына 10 жыл толып отыр. Жиын барысында әлкетанушы, журналист Әсет Медеуханұлы қайырымдылықтың қоғамдағы әлеуметтік маңызына тоқталып, ел игілігіне бағытталған мұндай қадамдардың келешек ұрпаққа үлкен өнеге екенін атап өтті. Ал аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Марат Сейітжаппарұлы қордың өңірді дамытудағы белсенді ұстанымын ерекше тілге тиек етті.

Шара соңында, дәстүрге сай, Қарауыл ауылдық бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Ш. Несіпбай ақ батасын беріп, жаңа құрылғылардың халық игілігіне ұзақ жылдар бойы адал қызмет етуіне тілектестік білдірді.

Қоғамдағы жанашырлық пен әлеуметтік жауапкершілік мұндай нақты істермен өлшенеді. Адам денсаулығын басты орынға қойған «Асқар Жакулин атындағы қайырымдылық қорының» бұл бастамасы ауыл медицинасын ілгерілетуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға қосылған қомақты үлес болды. Мұндай қайырлы істердің алдағы уақытта да жалғасын таба берері сөзсіз.

Ж.Қажықызы

Жаңа тағайындау



Абай облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Медеу орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Мұратов Әділет Нұрланұлы 2026 жылдың «03» тамыз күнінен бастап мемлекеттік білім беру ұйымдары басшыларының бос лауазымдарына жарияланған конкурс нәтижесінің оң қорытындысы және жасалған еңбек шарты негізінде директор болып тағайындалды.

Тағайындалған жаңа директорды Абай ауданы білім бөлімінің басшысы Б. Скакова мектеп ұжымымен таныстырды.

Еңбек жолын 2018 жылы Абай аудандық соты кеңсесінде бастаған. 2018–2023 жылдары «ЖББ Қарауыл гимназиясы» КММ орыс

тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі және әлеуметтік педагог қызметтерін атқарған. 2023–2025 жылдары Абай атындағы ММГИ орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, әлеуметтік педагог болып еңбек етті. 2025 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Жалпы орта білім беретін мектебінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін абыроймен атқарып келді.

Әділет Нұрланұлының алдағы қызметіне сәттілік тілейміз!



Руханият

Құрметті қонақ жазушы мұражайында



Абай еліне сонау Алматыдан Аягөз арқылы сапарлап келіп, Жидебайда ұлылар рухына төу өткен Алматы облысының Құрметті азаматы, Іле ауданының Құрметті азаматы, Іле аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Исаев Әмзе Әлдібекұлы Көмен Оразалиннің музей-үйінде болды. Жазушының ұлт руханиятына қосқан тарихи еңбектерімен жақынырақ танысқан музейдің құрметті қонағы мұражайдағы жазушы тұтынған құнды жәдігерлерді көріп, көңінен тамашалады.

Бала-шағасымен киелі жерге келген Әмзе Әлдібекұлы өз сөзінде - 2005 жылы жазушы шаңырағынан дәм татқаның, жазушының қолынан сый-құрмет көргенін тілге тиек етіп, ризашылықпен еске алды.

Құрметті қонақ мұражайдан алған әсері жөнінде музейдің пікір кітабына: "Абай облысы, Абай ауданына, Қарауыл ауылына, Көмен Оразалиннің музей-үйіне келіп, Абайтанушы, Әуезовтанушы және ізбасары болған Көмен Оразалиннің шығармашылығымен таныстым. Абай, Аягөз

аудандарына құда болып келемін. Менімен бірге күйеу балам Ержігіт Жармағамбетұлы, қызым Айман, немерем Камила және Айманның жолдасы Алтынай болды. Бізді қарсы алғандар жазушының баласы Елдар Көменұлы, келіні Қарлыға Бекенқызы.

Көмен Оразалиннің еңбек-зерттеулері арқылы біз Абайды, Мұхтарды өте жақын таныдық. Болашақта қазақ ұлтына, тарихына, әдебиетіне үлкен үлес қосады деп ойлаймыз. Ұрпақтарына аманшылық тілеймін, өсіп-өне берсін. Еліміздің болашағы жаңа Қазақстанды құруға еңбек етсін!" деп қолтаңбасын жазып қалдырды.

Музей-үйінің меңгерушісі Е.Оразалы Алматы облысының Құрметті азаматы, Іле ауданының Құрметті азаматы, Іле аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Исаев Әмзе Әлдібекұлына қазақы дәстүрмен сый-құрмет көрсетіп, жазушы Көмен Оразалиннің "Абай ауылына саяхат" кітабын тарту етті, естелік суретке түсті.



АЕ ақпараты

«Мерейлі отбасы» байқауының аудандық кезеңі аяқталды



Берекесі тасыған, бірлігі жарасқан отбасы – кез келген мемлекеттің мызғымас іргетасы. Ұлттық болмысымызды ұлықтап, әулеттік дәстүрді жаңғыртуды көздейтін дәстүрлі «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық кезеңі де өз мәресіне жетті. Бұл сайыс – жай ғана кімнің озық екенін анықтайтын жарыс емес, ең алдымен шаңырақтың қадір-қасиетін арттырып, өнегелі әулеттердің тәжірибесін бұқараға насихаттайтын танымдық, мерейлі жоба.

Өнеге мен ынтымақ таразыға түскен сәт Биылғы байқаудың жөні де, жүгі де бөлек болды. Қатысқан әрбір әулет өздерінің өмірлік ұстанымдарын, ұрпақ тәрбиесіндегі өзіндік мектебін, еңбек жолы мен атадан балаға ауысып келе жатқан отбасылық дәстүрлерін ортаға салды.

Салтанатты марапаттау рәсімінде сөз алған аудан әкімінің орынбасары, байқау комиссиясының төрайымы Назерке Мәулітқызы қатысушыларға шынайы ризашылығын білдірді:

«Отбасы – қоғамның алтын діңгегі. Ұлттың болашағы мен елдің ертеңі берекелі де тату шаңырақтардан басталады. Осындай үлгілі отбасылар көбейген сайын қоғамымыз да нығая түседі», – деп атап өтті ол.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Қазылар алқасының шешімімен үздік деп танылған шаңырақтар салтанатты түрде марапатталды:

I орын: Қасқабулақ ауылынан қатысқан Мақаевтар отбасы иеленді.

II орын: Қарауыл ауылының үлгілі шаңырағы – Күзембаевтар отбасына бұйырды.

III орын: Құндызды ауылының атынан сынға түскен Жолжігітовтар отбасы еншіледі.

Бұдан бөлек, отбасылық құндылықтарды бөлсенді насихаттап, шараға айрықша рең берген Қасқабулақ ауылынан Смағұловтар мен Архат ауылынан Мұсағалиевтар әулеттері арнайы Алғыс хатпен марапатталды. Байқауға қатысқан барлық шаңыраққа дипломдар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Ұрпақтар сабақтастығы - ұлт болашағы

Бүгінгі таңда отбасы институтын нығайту мен некенің қадірін қашырмау – уақыт талабы. «Мерейлі отбасы» жобасы тап осы олқылықтың орнын толтырып, ұлттық тәрбиенің тамырына қан жүгіртетін пәрменді құралға айналып отыр. Әке көргеннің оқ жонатының, шеше көргеннің тон пішетінін дәлелдейтін осындай игі шаралар ел ішіндегі ынтымақты арттырып, ұрпақтар сабақтастығын одан әрі нығайта бермек.

Ж.ҚАЖЫҚЫЗЫ

Бәрекелді

Аудандық стрит-арт фестивалі өтті



Қарауыл ауылының орталық алаңында «Бейбітшілікті бірге бейнелейік» атты аудандық стрит-арт фестивалі ұйымдастырылды.

Фестивальдің мақсаты – жастардың шығармашылық қабілетін қолдау, қоғамдағы бейбітшілік, достық, өзара сыйластық пен қоғамдық келісім құндылықтарын өнер арқылы насихаттау.

Іс-шара барысында қатысушылар бейбітшілік, мейірімділік, ұлтаралық және конфессияаралық келісім тақырыптарын шығармашылық тұрғыда бейнелеп, өздерінің тың идеялары мен шеберліктерін ортаға салды. Әрбір туынды ел бірлігі мен татулықтың, өзара түсіністік пен келісімнің маңызын айшықтай түсті.

Фестиваль қорытындысы бойынша үздік жұмыстар анықталып, сыйлықтармен марапатталды.

Мұндай тағылымды іс-шаралар жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беріп қана қоймай, қоғамдағы бірлік пен келісім құндылықтарын дәріптеуге, патриоттық рух пен азаматтық жауапкершілікті нығайтуға ықпал етеді.

Жерлестеріміз облыстық чемпионаттың күміс жүлдегері атанды

26 шілде мен 1 тамыз аралығында Шығыс Қазақстан облысының аудандары арасында футболдан XVIII облыстық ашық чемпионаттың финалдық турнирі өтті. Тартысқа толы бәсекеде Абай ауданының құрама командасы жоғары деңгейде өнер көрсетіп, жүлделі II орынды иеленді.

Жарыс барысында аудан намысын қорғаған футболшылар ұйымшылдық пен шеберліктің үлгісін көрсетіп, жанкүйерлер сенімін ақтады. Команданың бұл жетістігі – спортшылардың тынымсыз еңбегі мен жаттықтырушылардың жүйелі жұмысының жемісі.

Чемпионат қорытындысы бойынша аудан құрамасының ойыншысы әрі жаттықтырушысы Медетов Қайрат «Үздік бапкер» номинациясымен марапатталды. Бұл марапат – оның спортты дамытуға қосқан үлесі мен қажырлы еңбегінің лайықты бағасы.

Спортшыларымыз бен жаттықтырушымызды осы жоғары жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймыз! Алар асуларыңыз биік, жеңістеріңіз көп болып, әрдайым жеңіс тұғырынан көріне беріңіздер! Абай ауданының абыройын асқақтатып, жаңа белестерді бағындыра берулеріңізге тілектеспіз!.

АЕ ақпараты



«Заң керуені» жобасы

Абай облысында құқықтық түсіндіру жұмыстары жалғасуда



Абай облысында «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында жүзеге асырылып жатқан «Заң керуені» жобасы ауданымызға келді. Жоба аясында Қарауыл және Кегірбай би ауылдарында тұрғындармен кездесулер ұйымдастырылып, азаматтарға құқықтық көмек көрсету және құқықтық сауаттылықты арттыру бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Кездесулерге құқық қорғау органдарының, мемлекеттік мекемелер мен салалық қызметтердің өкілдері қатысып, тұрғындарды толғандырған өзекті мәселелер бойынша кеңес берді. Ашық форматта өткен қабылдаулар барысында ауыл тұрғындары өз сұрақтарын тікелей қойып, заң талаптары мен мемлекеттік қызметтерге қатысты нақты жауаптар алды.

«Заң керуені» жобасы халық пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара байланысты нығайтып, азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға және шалғай елді мекен тұрғындарына қолжетімді құқықтық көмек көрсетуге бағытталған маңызды бастама ретінде өз жұмысын жалғастыруда.

Хабарлама

Сайлаушылар тізімдерінде өзіңізді қалай тексеруге болады?



2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутатыларын сайлау өтеді.

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің ұй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша

оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы

17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы.

Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданбаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданбағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

Ақпарат

Медиация – қоғамдағы татулықтың кепілі

Қоғамдағы тұрақтылық пен бірліктің басты негіздерінің бірі – адамдар арасындағы өзара түсіністік пен келісім. Алайда күнделікті өмірде азаматтық, отбасылық, еңбек және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын түрлі даулар орын алып жатады. Осындай келіспеушіліктерді сотқа дейін өзара келісім арқылы шешуге мүмкіндік беретін тиімді құқықтық институттың бірі – медиация.

Медиация – дауласушы тараптардың ерікті келісімі бойынша бейтарап медиатордың қатысуымен жүргізілетін татуластыру рәсімі. Оның негізгі мақсаты – тараптарды қарсы қою емес, олардың мүдделерін ескере отырып, екі жаққа да тиімді әрі өзара қолайлы шешімге қол жеткізу.

Қазақстан Республикасында медиация институтының дамуына ерекше көңіл бөлінуде. Медиация азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтай отырып, дауларды бейбіт жолмен шешуге, соттардың жүктемесін азайтуға және қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыруға ықпал етеді. Бұл рәсімнің негізгі қағидаттары – еріктілік, құпиялық, тараптардың тең құқылығы және медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығы.

Медиацияның артықшылықтары көп. Біріншіден, ол дауды қысқа мерзімде шешуге мүмкіндік береді. Екіншіден, сот шығындарын азайтып, тараптардың уақытын үнемдейді. Үшіншіден, өзара түсіністік пен сенімді сақтап қалуға жағдай жасайды. Әсіресе отбасылық, еңбек және көршілік қатынастарда медиацияның маңызы ерекше, өйткені мұндай дауларда тараптардың болашақта да қарым-қатынасты жалғастыруына тура келеді.

Медиация барысында қабылданған келісім екі тараптың да өркіне негізделеді. Сондықтан мұндай шешімдердің орындалу деңгейі де жоғары болады. Ең бастысы – медиация адамдарды ымыраға келуге, бір-бірін тыңдауға және өзара құрмет көрсетуге тәрбиелейді.

Қазіргі таңда қоғамда келісім мәдениетін қалыптастыру – маңызды міндеттердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, медиация дау-дамайдың ушығуына жол бермей, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты нығайтуға қызмет етеді. Дауды бейбіт жолмен шешу – өркениетті қоғамның белгісі.

Қорытындылай келе, медиация – қоғамдағы татулық пен келісімді сақтаудың тиімді құқықтық тетігі. Ол азаматтардың құқықтарын қорғаумен қатар, өзара сенім мен сыйластықты нығайтып, әлеуметтік тұрақтылықтың сақталуына ықпал етеді. Сондықтан медиацияны кеңінен қолдану – құқықтық мемлекет құрудың және қоғамдағы бірлікті нығайтудың маңызды шарттарының бірі.

Абай аудандық соты.

«Медеу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттар

«Абай облысы Абай ауданы Медеу ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де 2026 жылдың 7 айында өтініш иесінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларына тиесілігін растайтын анықтама беру үшін 248 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Ауылдық округі әкімі аппаратымен жүргізілетін жоспарлы жұмысының бірі – жеке және заңды тұлғаларға сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді түсіндіру бойынша олардың «Халыққа қызмет көрсету орталығы» арқылы алу мүмкіндігі. «Медеу ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимаратында стөнд ілініп, онда мемлекеттік қызмет көрсету әрекетінің тәртібі, жалпы ережесі, негізгі мазмұны, мемлекеттік қызмет көрсетулердің тізімі көрсетілген. Мемлекеттік тілде және ресми тілдегі өтініштің үлгілері мен бланкілері орналасқан. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша қызмет алушылардан шағым түскен емес. Ішкі бақылау бойынша көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы бойынша ауылдық округ әкімі аппаратының жұмысы туралы есеп ай сайын уақытымен тапсырылып отырылады.

Арыстанбекова Альмира
Медеу ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы

Тіл – халықтың жаны

Тіл – әрбір халықтың рухани байлығы, мәдениеті мен тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін баға жетпес қазына. Халықтың дүниетанымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен ұлттық болмысы ең алдымен тіл арқылы сақталып, дамиды. Сондықтан «Тіл – халықтың жаны» деген нақыл сөздің мәні терең.

Қазақ тілі – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасы. Ана тіліміз арқылы біз ата-бабамыздың даналығын, әдебиетін, өнерін, ұлттық құндылықтарын танып, бойымызға сіңіреміз. Мемлекеттік тілдің дамуы – елдің бірлігі мен тәуелсіздігінің нығаюына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге ерекше көңіл бөлінуде. Мемлекеттік тілді меңгеру – әрбір азаматтың азаматтық жауапкершілігінің және елге деген құрметінің көрінісі. Тілді дамыту тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Тілге деген құрмет ең алдымен отбасынан басталады. Баланың ана тілінде еркін сөйлеп, сауатты жазып, әдеби мұраны танып өсуі – ұлт болашағының жарқын кепілі. Білім беру ұйымдары, мәдениет мекемелері мен бұқаралық ақпарат құралдары да мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі ақпараттық технологиялар дәуірінде қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі қолданысын кеңейту де өзекті мәселе. Мемлекеттік тілдің интернетте, әлеуметтік желілерде және электрондық қызметтерде кеңінен қолданылуы оның дамуына жаңа серпін береді.

Тіл – адамдарды біріктіретін, қоғамдағы өзара түсіністік пен келісімді нығайтатын маңызды құндылық. Ана тілін құрметтеу – өткенге тағзым ғана емес, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік.

Қорытындылай келе, тіл – халықтың жаны, ұлттың рухы және тәуелсіздіктің басты тіректерінің бірі. Әрбір азамат мемлекеттік тілді құрметтеп, оның қолданылу аясын кеңейтуге өз үлесін қосқанда ғана ұлттық құндылықтарымыз сақталып, еліміздің болашағы баянды болмақ.

Абай аудандық соты.

Заңға бағыну – өмір салтына айналуы тиіс

Құқықтық мемлекет құрудың басты негіздерінің бірі – азаматтардың заңды құрметтеуі және оны бұлжытпай орындауы. Заң – қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықтың кепілі. Сондықтан заңға бағыну әрбір адамның күнделікті өмір салтына айналуы қажет.

Заңға бағынатын адам өз құқықтарын ғана емес, өзгелердің де құқықтары мен бостандықтарын құрметтейді. Мұндай қоғамда тәртіп сақталып, қылмыс азаяды, адамдардың мемлекетке деген сенімі артады. Заң талаптарын орындау – тек жауапкершілік емес, бұл азаматтық мәдениеттің көрсеткіші.

Бүгінгі таңда жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру ерекше маңызды. Мектепте, жоғары оқу орындарында және отбасында заңды құрметтеу, құқық пен міндетті түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілуі тиіс.

Әр адам жол қозғалысы ережелерін сақтап, қоғамдық тәртіпті бұзбай, өз әрекетіне жауапкершілікпен қараса, қоғамның дамуына зор үлес қосады.

Заңға бағыну қорқыныштан емес, саналы түсініктен туындауы керек. Өйткені заңды құрметтейтін азамат өз елінің дамуына, қауіпсіздігіне және өркендеуіне үлес қосады. Әділдік пен тәртіп орнаған жерде ғана бейбіт өмір мен тұрақты даму болады.

Қорытындылай келе, заңға бағыну – әрбір азаматтың міндеті әрі мәдениетінің белгісі. Заңды сақтау – өзіңді, отбасыңды және қоғамды құрметтеу. Сондықтан заңға бағыну әр адамның өмір салтына айналуы тиіс.

Абай аудандық сотының бас маманы-сот
отырысының хатшысы Д.Жапалова



Тарих тағылымы

Олжай қорымының тарихы



Шыңғыстың бергі бөктерінде, Бөкенші өзенінің оң жақ ағысында биіктеу деңісінде осыдан екі ғасыр бұрын өмірден өткен, ата-бабаларымыздың мәңгілікке тыныс тапқан қастерлі мекені бар.

Ертеректе бұл зират орнын ел «Олжай қорымы» дейтін. Олжай кім еді? Шежіреден бері таратсақ, арғы атамыз Кішіктен Әнет пен Әйтек тарайды.

Әйтек-хакім Абайдың бесінші атасы. Әйтектен туған-Олжай бабамыз XVII ғасырдың аяғы, XVIII ғасырдың басында өмір сүрген, Тобықтының білікті биі, қол бастаған батыры, ақын жанды адам болған.

Зар заманның мұңы мен жыры болған, «Елім-ай» әнінің бір нұсқасын шығарған да осы Олжай деп айтады.

Бабамыз Сыр бойында қалмақтармен болған ұрыста қаза болып, сүйегі Шиелі жерінде жерленген.

Олжай бабам бағыттаған Тобықты көші ұзақ сапардан соң, Мамай, Тоқтамыс батырлар мен Көбей, Кеңгірбай, Қараменді билердің бастауымен 1780 жылдардың аяғында ата-мекен Шыңғыстауға табан тіреген.

Осы қиын қыстау жолда Олжайдың екі баласы Қайдос пен Жандос қаза болады. Үлкен ұлы Айдос пен бабаның басқа ұрпақтары ұлы көштен қалмай, елге жетеді.

«Үш Олжай» атанған Олжай балалары: Айдос, Қайдос, Жандостан (Жігітек) тараған ұрпақтар арасынан ел бастаған көсем, сөз бастаған шешендер, ақын-күйші, дүлдүл өнерпаз белгілі адамдар көп шыққан.

Ертеректе Олжай, бертінде Айпара ана қорымы деп аталған бұл жерге Тобықты елі Шыңғыстауға келгеннен кейін дүниеден өткен жүзден артық ата-бабаларымыз жерленген.

Бірақ бір дәйек анық. Осы қорымға алғаш жерленген Айдос атамыз бен Айпара анамыз.

Оның дәлеліндей ұрпақ білсін деген ниетпен Ырғызбай ұрпағы Сирақбай Досмағанбетов қойған қарайған белгі әлі күнге дейін зират басында қалқайып тұр. Ел үлкендерінің айтуынша Айдос пен Айпара анамыз кенже ұлдары Топайдың



қолында болған. Топай қорасы осы арадан 3-4 шақырым тау ішінде, осында жерленуі де сондықтан.

Айдос атамыз ел көзіне ерекше түспесе де, ағайын арасында орны бар, балуан денелі, сабырлы, салмақты, шаңыраққа ие, шаруа баққан момын адам болса керек.

Ал, ел есімін аңыз ғып айтатын Айпара сөз тапқыш шешен, тілді елге билігі өтетін, қасиетті, киесі бар әулие дәрежесіндегі ел анасы болған.

Айпара анамыздың тегін Үйсін деп те, Керей мен Найман деп те айтушылар бар.

Бірақ, Айпара анамыздың атамыз Айдоспен жаугершілік заманда табысып, ұлы көштің алдыңғы легінде болып, өзінің өрлігімен, сөз білетін, жөн білетін қасиетімен абыройға ие болған Олжайдың көліні екені рас.

Ел тарихын жетік білетін Ырғызбай ұрпақтары туралы көптеген құнды деректер жазып қалдырған Ниязбек Алдажаровтың айтуынша: «Бұл қорымда Айдостың: Торғай, Көтібақ, Ырғызбай, Топай деген төрт ұлы, Ырғызбайдың: Өскенбай, Өсер, Мырзатай, Жортар, Иемберді, Көтібақтың: Көрпебай, Малғелді деген балалары



жерленген» деп айтып, жазып кеткен.

Сондай-ақ, өз ата-бабаларының білетін ел үлкендерінің айтуынша тарихын Бөкенші Қайдосқұлының: Байкөбек, Жанкөбек, Жанқабыл, Мейірман, Жанақ, Тұмартай, Қуандық және Бөкенші ұрпағы Бабанаев Құрманбайдың балалары арғы атамыз Төлеген осында жатыр деп айтады.

Өскенбай ұрпағы Жұматай Ақбердиннің айтуына қарағанда би бабаның екінші әйелі Аққаннан туған Ақберді, Мәулімберді, Қырбас, Байтас деген Өскенбай ұрпақтары осында жерленген екен.

Айдос пен Айпара анамыз жерленген орын «Қосқадам» қонысы Көтібақтың қыстауы екен.

Сол себептен қыстақ иесі Қоңыртай мен оның баласы Ахметжан осында жерленген деген деректі ұрпақтары айтып жүр.

Айпара ана қорымын жөндеу барысында Көтібақ атасының зиратын білетін баба ұрпақтары ақылдасып, бүгінгі ел атасы Досымхан ақсақал бастап, елге белгілі Жұманбек ағаның баласы Мұрат Садуақасов қостап азаматтар білгірлік танытып, Көтібақ ата зиратын қалпына келтіріп, басына белгі тас орнатты.

Бұл бастаманы құптау керек. Әркім өз ата-бабасының жатқан жерін нақты біліп, бүгінгі ұрпақтар біліп жүрсін деп белгі қойып жатса ол бабаға деген құрмет, әрі болашақ ұрпаққа керек дерек деп ойлаймын.

Осы орайда ұлы бабамыз Өскенбайдың зират орны білгілі болғандықтан, 2000 жылы туысымыз «Жеті ағайындар» баба басына ескерткіш тас орнатса, 2013 жылы бізде бұл істі қолға алып, Өскембай бабамыздың зиратын тұтас таспен қоршап, белгі орнаттық.

Олжай қорымының бертінде Айпара ана құрметіне айшықталып ерекше аталып жатуы өте орынды.

Өйткені, Айпара анамыз аты тек біздің елге ғана емес, Сарыарқа өңіріне, Орта жүзге танымал болған ел анасы атанған айрықша тұлға.

Айпара анамыз туралы ел аузынан бүгінге жеткен, өткен заманның сыры боп, жыры боп тегілген аңыз әңгімелерді тамсана айтуға болады.

Әсіресе, Айпара анамыздың қайынысы Жандосты ертіп, ұрыс даласында қаза болған Қайдос батырдың қос ұлы Бөкенші мен Борсақты жау қолынан азат етіп, тұтас бір ата баласын аман сақтап қалуы-ерен ерлік дер едім.

Сол сәттегі Жандостың жан қиярлық ерлігіне сүйсінген Айпара ананың, Жандосты- «Жігітек-ақ екенсің» деп атауы бір рулы елдің айбарлы атына айналды.

Ел білетін тағы бір әңгіме бар. Тобықты елі үдіре көшіп, жан жақтан жау қамаған шақта, үрейленген жұртшылық, аштық пен жоқшылықтың зардабын қатты тартады.

Сондай бір қиын сәтте Тобықты көші айдалада иесіз жүрген түйені ұстап, оны сойып еті аш жұртқа таратылады.

Іле ертеңінде малын жоқтаушылар келіп, қарулы қолмен көшті бөгеіп, от жаққан жұртты, жүк-жабдықтарды бұзып тіңте бастайды.

Сонда ел амандығын ойлап, тығырықтан шығудың амалын қарастырған Айпара ана теңді бұзғызып, түйенің қомақты бөлігін өлген адамның сүйегі сияқты көлденең салып, қара шапанын жауын жіберіп, шашын жайып, екі бүйірін таянып, дауыс салып, жоқтау айтыпты.

*Түйелі елдің жақсысы-ай,
Іздейді оны топ кісі-ай.*

Ажал алған арысымның,

Түйедей боп жатыс-ай-деп елін бір қатерден аман алып қалыпты.

Тобықты елінің өткен тарихында орны бар, құрметті, қастерлі, қасиетті ел аналарының ең басында –Айпара ананың тұруы осыдан.

1999 жылы сол кездегі аудан әкімі Қонысбай Төлеубеков пен біздің елдің құрметті азаматтары Тасболат Битенов пен мекеме басшысы болған Медальбек Сармурзиннің ұйымдастырушылық қабілеті мен қажыр қайраты арқасында, сурет өнер саласының білгірлері, ұстаздар С.Нұрғалиев пен Қ.Дүйсенбаевтардың жобасы негізінде, көптеген азаматтардың тер төккен қол еңбегінің нәтижесінде қорым темір шарбақпен қоршалып, «Ана» деген айшықты жазуы бар ескерткіш белгі орнатылды.

Содан бері 25 жыл өтіпті. Қорымды жөндеу, жаңғырту, жаңарту мәселесі көтеріліп, ел ішінде әңгіме көбейді.

«Сабақты ине сәтімен» дегендей, үстіміздегі жылы Ырғызбай ұрпақтары бастама көтеріп, бұл



істі батыл қолға алды.

«Жаяудың шаңы шықпас, жалғыз ағаш орман емес» деп туыс елге, іскер азаматтарға, іс басындағы басшы азаматтарға хабар қойылды.

«Елім жерім» деген қасиетті ел анасының аруағын сыйлап, атын құрметтеген жүрегі-ақ, ниеті дұрыс, көңілі таза жандар бірден қолдап кетті.

Аудан әкімі, Құнанбай, Абай тойын жоғары дәрежеде өткізіп, абырой биігінен көрінген іскер басшы Смағұлов Мейіржан бауырымыз бұл істі барынша қолдап, көмек көрсетіп, азаматтарды іске жұмылдырған, еңбегін ризалықпен айту керек.

Барлықтарыңызды ата-баба аруағы қорғап, қасиетті Айдос пен Айпара анамыздың рухы қолдасын!

Бейсенғазы Тастекеев,
Өскенбай ұрпағы



Бекен Жамақаев - 95 жыл

ҚАЗАҚ ВАЛЬСІНІҢ СЫРЛЫ САЗГЕРІ - БЕКЕН ЖАМАҚАЕВ



музыкалық мұрасы халық жадында, ел аузында сақталған әсем әндері арқылы бүгінге жетті. Композитордың шығармашылық ізденіс кезеңі XX ғасырдың 50–60 жылдарын қамтиды. Бұл – қазақ музыкасының алтын дәуірі, Әбілахат Еспаев, Бақытжан Байқадамов, Шәмші Қалдаяқов сынды саңлақтар өнер көгінде жарқыраған уақыт еді.

1955 жылы алғаш рет шырқалған «Махаббат вальсі» қазақ музыкасы тарихындағы айрықша құбылыс болды. Бұлақ суындай мөлдір, табиғи тазалығы таңғы шықтай кіршіксіз бұл ән миллиондаған тыңдаушылардың жүрегін жаулап алды. Әннің КСРО халық әртісі Роза Бағланованың орындауында шырқалуы оның кеңінен танылуына зор ықпал етті.

Композитор шығармаларының басым бөлігі вальс ырғағында жазылған. «Сен ғана», «Ертіс вальсі», «Гүлім қайда», «Мереке вальсі» сынды әндер



Қазақ даласы талай дарынды перзентті өмірге әкелді. Солардың ішінде аты кеңінен атала бермесе де, жүректен шыққан әуені халық жадында сақталған өнер иелері бар. Абай мен Шәкәрімнің, Мұхтар Әуезовтің туған жері – қасиетті Шыңғыстау да сондай сирек таланттарды дүниеге әкелген құтты мекен.

Осы киелі өңірде Бекен Жамақаев 1931 жылы Абай ауданының Саржал ауылынан 50 шақырымдай қашықтықтағы Жанан деген жерде дүниеге келген. Ол Семей қаласындағы №16 қазақ орта мектебіне түсіп, 1946 жылы жетіжылдық білім алып шығады. 1946–1948 жылдары Абай атындағы облыстық драма театрында артист болып қызмет атқарды.

1948 жылы Семей педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, оны 1950 жылы барлық пән бойынша үздік тәмамдайды. 1952–1957 жылдары цензор болып жұмыс істеп, 1958 жылғы ақпан айынан 1960 жылдың шілдесіне дейін облыстық радиокомитетте дикторлық қызмет атқарды. Өмірінің соңғы жылдарында жағымды дауысымен радио дикторы ретінде эфирге жиі шығып жүрді.

Жұбайы – Жамақаева Майнұр Володарский атындағы тігін фабрикасында машинистка болып еңбек еткен. Өнер мен еңбекті қатар ұстанған бұл отбасында төрт бала тәрбиеленді.

Бекен Жамақаев көзі тірісінде өз әндерінің бірде-бір жинағын жариялап үлгермеді. Оның



халық арасында кеңінен таралып, бүгінге дейін сүйіспеншілікпен орындалып келеді. Оның әуендері тыңдаушы жан дүниесіне терең бойлап, көңілді тебірентіп, жүрек қылын қозғайды. Осы қырынан замандастары Бекен Жамақаев шығармашылығын Шәмші Қалдаяқовтың әуендік әлемімен үндес деп бағалаған.

Композитор 41 жасында Семей қаласында өмірден өтті. Ол дүниеден озғаннан кейін 20 жыл өткен соң, бір кезде өзі қызмет еткен Абай атындағы театрда еске алу кеші ұйымдастырылды. Бұл – ел жадында қалған өнер иесіне көрсетілген құрметтің белгісі.

Бүгінде Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында Бекен Жамақаевтың өмірі мен шығармашылығына қатысты құнды жәдігерлер сақтаулы. Олардың қатарында:

– композитордың өзі ойнаған пианиносы

(саусақ табы сақталған);

- шығармашылық жолында пайдаланған баяны;
- жеке кітаптары;
- әр жылдары түсірілген фотосуреттері;
- театр және концерттік қызметіне қатысты афишалар бар.

Бұл жәдігерлер – Бекен Жамақаевтың шығармашылық жолы, өмірлік болмысын және қазақ музыкасына қосқан үлесін айғақтайтын асыл қазына.

Сонымен қатар, ұрпақтары көздің қарашығындай сақтап келген елуге жуық нота қолжазбасы – қазақ музыкасына қалдырылған баға жетпес рухани аманат.

Бекен Жамақаевтың жеке заттары музейдің қорына оның туысқан қарындасы Бейбітжан Молдаханова тарапынан 2014 жылы тапсырылған.

Уақыт өтсе де, жүректен шыққан әуен өлмейді.

Жамақаев жасынан өз бетінше әр түрлі музыкалық аспаптарда (домбыра, гармонь, баян т.б.) ойнауды үйреніп, шебер музыкант атанды. Арнайы композиторлық білімі жоқ. Оның халыққа кеңінен танымал «Сұлу сары», «Сауыншы», «Махаббат вальсі», «Қоштасу», «Түн сыры», «Гүлім қайда», «Ертіс әні», «Жалғыздық тойы», т.б. әндері бар.

Жамақаевтің есімінде Семей және Алматыда көшелер бар.

Анар СӘРСЕНБИНА





Сағат тілі жау ғана цуфр емес...

Ауылдағы біздер таңның атысы мен күннің батысына қарап тіршілік кешуге әбден үйренгенбіз. Таңертең өріске мал айдау, сиыр сауу, балаларды мектепке дайындау, егістік пен бау-бақшаның қамы – осының бұзылмас ырғағы табиғаттың өз заңымен өріліп жатады.

Әдетте біз қабырғада ілулі тұрған сағатқа көз тастағанда, оны жай ғана «жұмысқа немесе сабаққа кешікпеуді ескертетін құрал» деп қабылдаймыз. Алайда, осы сағат тілінің бір сағат кейін немесе ілгері жылжуы – жай ғана тақтадағы цифрдың өзгеруі емес. Ол – біздің күнделікті тұрмыс-тіршілігімізге, денсаулығымызға, ішкі көңіл-күйімізге, тіпті қалтамыздағы ақшамызға да тікелей әсер ететін үлкен жүйе.

Елестетіп көріңізші: сіз жылдар бойы таңғы сағат алтыда оянып, бойыңыз сергек, күннің алғашқы сәулесімен бірге серпіліп жұмысқа кірісетінсіз. Кенеттен сағат тілі бір сағатқа кейін шегерілді делік. Енді таңғы сағат үште-ақ күн көтеріліп, сіз әлі ұйқыңызды қандыра алмай жатқанда бөлмеңізге жарық түседі. Ал кешкі сағат бес-алтыда-ақ айналаны тас қараңғы басады. Сырттай қарағанда, сол сағат – сол сағат сияқты. Бірақ ішкі ағзаңыз өзгеше белгі береді: кешке малды қоралауға шыққанда қараңғыда қарбаласасыз, балаңыз сабақтан тас қараңғыда қайтады, уақытыңыз ұрланғандай күй кешесіз.

Міне, сағат тілін өзгерту дегеніміз – адамның мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан табиғи ырғағы мен мемлекеттің бізге ұсынған ресми кестесінің арасындағы тартыс. Бұл өзгеріс тек қаланың кеңсесідегі қызметкеріне емес, ауылдағы малшы мен егіншінің, мектептегі оқушы мен ұй шаруасындағы ананың өмір ырғағына тікелей араласады.

Уақыт – кері қайтарылмайтын жалғыз қазына. Ал оны дұрыс ұйымдастыру – ұлттың саулығы мен елдің амандығының көпірі. 2024 жылы Қазақстан бойынша уақыт белдеуін бірдей етейік,-деген шешімі қабылданғанда, қоғамда үлкен талқылау басталды. Біреулер оны «тиімді басқарудың амалы» десе, енді біреулер «табиғи уақытты бұрмалау» деп бағалады. Бұл мақалада біз құрғақ ұрандардан арылып, ғылым мен өмірлік мысалдарға сүйене отырып, бұл өзгерістің артында не жатқанын таразылап көреміз.

УАҚЫТ БЕЛДЕУІ ДЕГЕН НЕ?

Осы «уақыт белдеуі» деген сөзді соңғы кезде радио мен теледидардан, әлеуметтік желілерден жиі естіп жүріміз. Сырттай қарағанда, құлаққа тосың, ғылыми термин сияқты болып көрінгенімен, мұның түпкі мәні өте қарапайым. Қарапайым тілде түсіндірсек, былай болады: Біз өмір сүріп жатқан Жер доп сияқты дөңгелек және ол өз кіндігінен ұршықша айналады. Тұтас бір айналым жасау үшін планетамызға тура 24 сағат уақыт керек. Ал енді мектептегі география мен геометрия сабағын еске түсірейікші: кез келген шеңбер немесе шар толық бір айналғанда 360 градусты құрайды.Осы екі санды бір-біріне бөлсек, бәрі алақандағыдай айқын болады: $360^{\circ} : 24 = 15^{\circ}$

ЖЕР

15° айналған сайын, 1 сағат өтеді деген сөз! Елестетіп көріңізші: Екі ауыл бар. Осы екі ауылдың арасы 15 градусқа алшақ жатыр делік. Бір ауылда сағат таңғы алтыда күн ұясынан көтеріліп жатқанда, екінші ауылда дала әлі тас қараңғы, күннің көрінуіне әлі толық бір сағат бар деген сөз.

Табиғаттың өз заңы бойынша Шығыста таң атып, күн жарқырап тұрғанда, Батыстағы Оралдың ағайындары әлі 2 сағат бойы түнгі төтті ұйқыда жатуы тиіс. Бірақ, Қазақстан 3 белдеу емес, күні кешеге дейін, 2 уақыт белдеуінде ғұмыр сүрді. Әкімшілік басқару тұрғысынан бұл екі белдеу ыңғайсыздық тудырады,-деп Батыс өлкедегі уақытқа көштік.

ҚАЗАҚСТАН НЕГЕ БҰРЫН ЕКІ УАҚЫТ БЕЛДЕУІН ҚОЛДАНДЫ?

Кеңес Одағы тұсында, дәлірек айтсақ 1930 жылы үкімет «декреттік уақыт» дегенді енгізді. Бұл не деген сөз? Ол кезде зауыт-фабрикалардың станоктарын, өндірісті күн жарығымен барынша тиімді пайдалану керек болды. Жазда күн ұзақ, қысқа тез кеш батады. Сондықтан, жазғы және қысқы сағат дегенді енгізген-ді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін де біз ұзақ жылдар бойы «жазғы уақыт» пен «қысқы уақытқа» ауысып жүрдік. Көктем шыға сағатты 1 сағат алға жылжытамыз, күзде қайтадан 1 сағат артқа шегереміз. Естеріңізде болса, күзде «1 сағат артық ұйқыламыз» деп қуанып, көктемде керісінше таңертең ояна алмай, есінеп жүретінбіз. Ауылдағы ағайын: «Малдың өріске шығатын уақыты өзгермейді, мына сағатты неге ары-бері ырғай береді?» деп кейітін. Осы әбгерден кейін, 2004 жылы бұл жүйеден толықтай бас тарттық.

2004 жылдан 2024 жылға дейін Қазақстан екі уақыт белдеуіне көшіп, соны жиырма жыл бойы ұстанып келді: Яғни, Батыс өңірлер - Орал, Атырау, Ақтау, Ақтөбе (UTC+5) белдеуіне өтті.

Орталық, Оңтүстік және Шығыс өңірлер, Астана, Алматы, Шымкент, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Өскемен, Түркістан, Жамбыл қалалары (UTC+6) уақытын таңдады.

Бұл жүйенің артықшылығы мен қолайсыздығы неде еді? Сырттай қарағанда, бұл бөлініс өте қолайлы сияқты көрінетін. Батыстағы ағайын өз уақытымен жүрді, ал еліміздің қалған үштен екі бөлігі сағатты Астанамен бірдей соқтырды. Алайда, бұл жүйенің де өз кедергілері бар еді. Мәселен, өмірлік бір-екі мысал келтірейік:

Қостанайдың жағдайы: Географиялық тұрғыдан Қостанай облысы Ақтөбеге тақау, негізінен UTC+5 белдеуінде жатыр. Бірақ ол 20 жыл бойы UTC+6 жүйесінде өмір сүрді. Нәтижесінде, қостанайлықтар қыстың күні таңғы сағат 8-9-да балаларын мектепке, өзі жұмысқа тас қараңғыда баратын. Күн түске таман бір-ақ көтерілетін. Бұл халықтың шаршауына, созылмалы депрессияға алып келді деп жергілікті тұрғындар талай шағымданған болатын.

Тіршіліктегі шатасулар: Батыстан Орталыққа

қатынайтын жолаушылар немесе жүк тасушылар үнемі «Астана уақытымен бе, әлде жергілікті уақытпен бе?» деп поездан кешігіп қалатын немесе вокзалда 1 сағат артық сарғайып күтіп отыратын. Ауылдағы шаруалар қалаға өнім апарарда банктер мен мемлекеттік мекемелердің ашылу уақытынан жаңылысып жататын. Міне, осы екі уақыт белдеуі елді басқаруға да, кейбір аймақтардың табиғи ырғағына да ішінара қайшы келіп жатты.

НЕ

ҮШІН БІР ЫҢҒАЙ УАҚЫТ БЕЛДЕУІНЕ КӨШТІ?

2024 жылдың 1 наурызына АТАҒАН түні бүкіл Қазақстан бойынша сағат тілі бірыңғай UTC+5 уақытына көшірілді. Шығыс пен Орталықтағы сағаттар 1 сағатқа артқа шегерілді. Мұндай үлкен өзгерісті дайындаған ғалымдар мен шенеуніктер «бұл шешімді ойдан шығара салған жоқпыз, арнайы зерттеулерге сүйендік» деп түсіндірді:

Елді бір орталықтан басқару және «өлі уақытты» жою

Үкімет келтірген ең басты экономикалық-әкімшілік себеп – мемлекеттік жүйенің бір уақытта жұмыс істеуі. Мысалы. Бұрын Астанадағы министрлік немесе орталық мекеме таңғы сағат 09:00-де жұмыс бастағанда, Атырау, Орал немесе Ақтаудағы әкімдіктер мен мекемелерде сағат әлі 08:00 болып тұратын. Яғни, батыстағы халық әлі жұмысқа келмеген. Ал кешке Астанадағы жұмыс сағат 18:00-де аяқталғанда, Батыста сағат енді 17:00 болатын. Сонда екі ортада күн сайын 2 сағаттай «өлі уақыт» пайда болатын.

Таңертең Астана Батысты тосады. Кешке Батыс Астананы таба алмайды. Шұғыл шешім қабылдау, құжат айналымын жүргізу немесе облыстар арасындағы байланыс тежелетін. Сағатты бірдей қылғанда, бұл кедергі толығымен жойылды.

Көлік, жол және логистика жеңілдігі: Ауылдан қалаға қатынайтын, облыс аралап жүк таситын немесе туысшылап пойызға мінетін ағайынға бұл бұрын кішігірім әбігер туғызатын. Мысалы, Ақтөбеден Астанаға пойызбен жолға шыққан жолаушыны елестетіңіз. Билетте «Астана уақытымен 15:00» деп жазылып тұрады, ал Ақтөбенің вокзалындағы сағат 14:00-ді көрсетіп тұрады. Жолаушы көбіне көп шатасатын. Кейде сағат айырмашылығын ұмытып кетіп, пойызға немесе ұшаққа кешіккен жандар аз болған жоқ. Енді бүкіл елде вокзал да, әуежай да, автобус кестесі де жалғыз сағатқа сүйенеді. Шатасу сап тыйылды.

Банктер мен электронды жүйелердің іркілссіз жұмысы: Бүгінде ауылдағы ағайын да қолма-қол ақшадан сәл де болса алыстап, ұялы телефондағы «Каспий» немесе басқа банк қосымшалары арқылы есептесуге көшкен. Мал сатса да, шөп сатып алса да, дүкеннен зат алса да – онлайн аударым. Бұрын екі уақыт белдеуі болғанда, түнде сағат 00:00-де банктердің серверлері күнделікті есеп-қисапты жабу (финансовый закрытие) процесін жүргізетін. Сол кезде уақыт айырмашылығына байланысты кейде жүйеде іркілістер орын алып, Батыстағы тұрғындардың аударымдары тежеліп жататын. Енді бүкіл қаржылық цифрлық жүйе бір ырғақпен жұмыс істейді.

Адам ағзасын табиғи күн уақытына жақындату (Негізгі ғылыми үеж). Шешім қабылдаған ғалымдардың айтуынша, бұл өзгерістің ең басты пайдасы – адам денсаулығында. Енді мысал келтіріп көрейік. Бұрынғы UTC+6 жүйесінде, мысалы, Қостанайда немесе Астанада қыстың күні таңғы сағат 8:30-да да дала тас қараңғы болып тұратын. Баланы мектепке, өзіңді жұмысқа ояту өте ауыр тиетін. Неге? Себебі күн көтерілмейінше, адам ағзасы «оян» деген гормонды (кортизол) бөлмейді, ұйқының гормоны (мелатонин) әлі билеп тұрады. Сағатты UTC+5-ке ауыстырғанда, күн ертерек шығып, таңғы жарық адамның көзіне түседі де, ағза сергек оянады. Ғалымдар «біз халықты табиғаттың өз заңына қайтардық» деп дәлелдеді.

Өзгерістен кім не ұтты? (Жағымды жағы)

Солтүстік пен Орталық Қазақстандағы ағайын (мәселен, Қостанай, Ақмола облыстары) бұл өзгерістің шапағатын сезінді дегуе болады.

Таңғы сергектік: Бұрын қыстың күні таңғы сағат 8:00-де дала тас қараңғы болып, балалар мектепке, үлкендер жұмысқа көзін тырнап ашып, әрең кететін. Енді сағат 1 сағатқа артқа шегерілгенде, таң ертерек атып, күн жарығы бөлмеге ерте түседі. Адам ағзасы табиғи күн сәулесін көріп, сергек оянады. Бұл – ойды жинақтауға, қан қысымының қалыпты болуына жақсы. мұнан бөлек, бүкіл ел бір сағатпен жүргендіктен, сауда-саттық жасайтын, қалаға қатынайтын ағайын сағат айырмашылығынан шатаспайтын болды.

Кім ұтылды және халық неге ренжіді?

Алайда, «бір тонды бүкіл елге бірдей пішіп кигізу» кейбір өңірлерге өте ауыр тиді. Әсіресе Шығыс Қазақстан, Абай, Павлодар, Жетісу және Алматы облыстарының халқы бұл шешімнің кері салдарымен бетпе-бет келді. Неге дейсіз гой? Нақты өмірлік мысалдармен ұқтырайық:

«Ұрланған кеш» және тас қараңғылық

Шығыста күн табиғатынан ерте шығып, ерте батады. Сағатты тағы 1 сағатқа артқа жылжытқанда, жаздың өзінде кешкі сағат 19:30 – 20:00-де-ақ айналаны қараңғылық басатын болды. Ал қыста түскі сағат 15:30 – 16:00-де күн батады! Мысалға: Ауылдағы ағайынның негізгі тірлігі кешкілік басталады: жұмыстан немесе даладан оралу, мал қайыру, қораға қамау, бау-бақшаны суару, аула тазалау, балаларды аулада ойнату. Енді елестетіңіз: жаздың күні жұмыстан сағат 18:00-де шыққан адам үйіне 19:00-де әрең жетеді. Сыртқа шықса – дала ымырт, қараңғы түсіп бара жатады! Малшы малын қараңғыда қарбаласып іздейді. Балалар кешкі таза ауада ойнап үлгермейді. Ошақ басындағы аналар ауланы қараңғыда сыпырады. Адамдарда: «Біздің күнделікті көшкі бос уақытымызды, өмірімізді ұрлап алды» деген реніш пайда болды.

Түн ортасындағы таң (Ұйқының бұзылуы)

Шығыс аймақтарда жаздың күні таңғы сағат 02:30 – 03:00-де-ақ күн жарқырап шыға келеді. Мысал келтірсек:

Түн ортасы ауа бөлмеге күннің ашық сәулесі түседі. Әлі ұйқысын қандырмаған адамның көзіне жарық түскен соң, ағза «оян» деген сигнал алады. Қабырғадағы сағат таңғы 3:00-ді көрсетіп тұр, ал дала тас жарық! Есік алдындағы әтеш шақырып, мал маңырайды. Адам қайтадан ұйқытай алмай дөңбекшиді. Нәтижесінде халықтың ұйқысы қанбайды, созылмалы шаршаңқылық пайда болады.

Электр қуаты мен қалтаға түскен салмақ. Кешкі сағат 16:00 немесе 17:00-де дала қараңғыланған соң, халық үйлеріндегі электр жарығын, телевизорды, жылытқыштарды ерте қосады. Ауылдағы мектептер мен балабақшалар, көше шамдары кешкі сағат төрттен бастап жарқырап тұруы тиіс. Бұл – қарапайым халықтың да, бюджеттің де электр энергиясына төлейтін шығынын көбейтіп жібер

АДАМНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ САФАТЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ: ТАБИФАТ ЖАРАТҚАН АҒЗАМЕН ТАРТЫСУҒА БОЛА МЫ?

Біз күнделікті тіршілікте сағатты ұялы телефонымыздан көреміз. Бірақ біздің ішімізде, әрбір клеткамызда «биосағат» деп аталатын көрінбейтін үлкен механизм жұмыс істеп тұр. Мұны қарапайым тілімен айтсақ: бұл – табиғаттың адам бойына орнатқан өз «ішкі сағаты». Малдың өріске шығатын, өтештің шақыратын, гүлдің қауызын ашатын уақытын ешкім бұйрықпен реттемейді гой? Сол сияқты адамның да ішкі құрылысы мыңдаған жылдар бойы күннің шығуы мен батуына сәйкес бағдарламаланған.

Келіңіз, осы ішкі сағаттың қалай жұмыс істейтінін және оған қолдан араласудың салдары қандай болатынын қарапайым тілмен ұғынып көрсетейік.

- Ішкі «гормон зертханасы» қалай жұмыс істейді?

Адам ағзасында екі түрлі басты гормон бар. Бұларды күн мен түннің «қос сақшысы» деуге болады: Кортизол (Сергектік гормоны): Таң атып, көзімізге күннің алғашқы сәулесі түскенде мүшелеріміз осы гормонды бөле бастайды. Ол қан қысымын реттеп, миды оятады, бойға қуат беріп, «тұр, тіршілігіңді жаса!» деп белгі береді.

Мелатонин (Ұйқы және емдеу гормоны): Күн батып, айналаны қараңғылық басқанда бұл гормон бөлінеді. Ол адамды тыныштандырып, ұйқыға тартады. Түнде біз ұйықтағанда осы мелатонин ағзадағы зақымданған клеткаларды емдеп, иммунитетті көтереді.

Мынадай мысалмен түсіндіруге болады: Бұл бейнебір астық оратын комбайн сияқты. Күндіз күн ашықта – егін орасың (кортизол жұмыс істейді), ал түнде қараңғыда – комбайнды гаражға кіргізіп, майлап, бөлшектерін жөндеп, дамылдауға қалдырасың (мелатонин жұмыс істейді). Егер сіз түн ортасында комбайнның прожекторын жағып алып егінге шапсаңыз немесе тал түсте машинаны тоқтатып қойсаңыз, техника бұзылады. Адамның ағзасы да дәл солай!

- Табиғи ырғақ бұзылғанда не болады?

Адам табиғи уақытынан шатасқанда небір дертке душар болады. Медицинада мұны «созылмалы десинхроноз» деп атайды. Яғни, сыртқы сағат пен ішкі биосағаттың арасындағы соғыс. Бұл ұзаққа созылса: Адамның жүрегі мен қан тамырларына салмақ түседі (инфаркт, инсульт қаупі артады). Иммуитет төмендеп, созылмалы аурулар қозады. Жүйке жүйесі шаршап, депрессия мен мазасыздық көбейеді. Балалардың сабақ үлгерімі нашарлап, зейіні төмендейді.

УАҚЫТҚА ӘМІРШІ БОЛҒАНША, ТАБИФАТҚА СҮЙЕНЕЙІК

Сонымен, біз сағат тілінің айналасындағы ғылыми, экономикалық және денсаулыққа қатысты үлкен мәселені қарапайым тілімен таразылап шықтық. Көріп отырғанымыздай, 2024 жылы елімізді бірыңғай UTC+5 уақыт белдеуіне көшіру – мемлекеттік басқару мен цифрлық жүйені реттеу үшін қолайлы қадам болғанымен, елдің Шығысы мен Оңтүстік-Шығысындағы ағайындардың табиғи өмір сүру ырғағына кері салқынын тигізді. Биологиялық сағат пен мемлекеттік сағаттың арасындағы қайшылық – қарапайым халықтың тұрмысы мен денсаулығына әсер етпей қоймайтыны анық сезілді.

Біз сағаттың тілін қалай бұрасақ та, таңның атысы мен күннің батысын бұйрықпен өзгерте алмаймыз. Бұл тығырықтан шығу үшін сағат тілін ары-бері ырғай берудің қажеті жоқ. Сағатты өзгерткенше, «мекемелер мен тіршілік кестесін» өңірлік ерекшелікке икемдеуіміз керек. Мұны «Параллель тор» идеясы деп атауға болады:- Астана сағаты – елдің ішкі тірегі болып қала береді: Бүкіл банктер, поездар, әуежайлар, мемлекеттік орталық органдар бірыңғай UTC+5 уақытымен іркілссіз жұмыс істей береді. Мұның цифрлық және экономикалық тиімділігі сақталады.

-Өңірлерге «Жергілікті тіршілік құқығын» беру: Шығыс Қазақстан, Абай, Алматы, Жетісу сияқты күн ерте бата-тын өңірлерде мектептердегі сабақты, балабақшаларды, әкімдіктер мен өндіріс орындарының жұмысын сағат 09:00-де емес, таңғы сағат 07:30 немесе 08:00-де бастап, кешкі 16:30-да аяқтау.

Бұл не береді?

Сағат өзгермейді: Пойызға кешікпейсіз, Каспий аударымдары бұзылмайды, банктер іркілмейді. Жұмыс ерте біткендіктен, ауылдағы ағайын кешкі сағат 16:30-да үйіне келіп, малын жайғауға, бау-бақшасын суаруға, балаларымен күн жарығында демалуға толық уақыт табады. Табиғи ырғақ қалпына келеді: Халық таңғы жарықпен бірге жұмысқа ерте кірісіп, күн батпай тұрып үйіне оралады.

ТҮЙІН:

Адамзат өркениеті қанша дамыса да, біз де табиғаттың бір бөлшегіміз. Табиғаттың заңына қарсы жүзген қайық алысқа бармайды. Тіршілігіміз тыныш, тақымыз ашық, ағзамыз сау, ағайынның арасы аман болсын!

Ж.ҚАЖЫҚЫЗЫ



Ақпарат

Берешегі көп борышкердің көлік жүргізу құқығы шектеледі

Қоғамдағы тәртіп пен заңның үстемдігін қамтамасыз етудің маңызды бағыттарының бірі – сот шешімдерінің уақытылы орындалуы. Өкінішке қарай, кейбір азаматтар алимент, несие, салық немесе басқа да қаржылық міндеттемелерін ұзақ уақыт орындамай, берешек көлемін көбейтеді. Мұндай жағдайда мемлекет борышкерді заң талаптарын орындауға ынталандыратын бірқатар шараларды қолданады. Соның бірі – көлік құралын басқару құқығын уақытша шектеу.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, атқарушылық құжат бойынша берешегін өтемеген борышкерге қатысты жеке сот орындаушысы немесе мемлекеттік сот орындаушысы сотқа ұсыныс енгізіп, оның көлік құралын басқару құқығын уақытша тоқтату туралы мәселе қаралуы мүмкін. Бұл шара борышкерді жазалау үшін емес, сот актісінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында қолданылады.

Көлік жүргізу құқығын шектеу ең алдымен алимент төлемейтін, сот шешімімен өндірілетін қарыздарын өтемейтін және заң талаптарын әдейі орындамай жүрген азаматтарға қатысты тиімді ықпал ету тетігі болып табылады. Алайда мұндай шектеу барлық жағдайда бірдей қолданылмайды. Егер көлік жүргізу борышкердің жалғыз табыс көзі болса немесе заңда көзделген өзге де негіздер болса, бұл жағдайлар міндетті түрде ескеріледі.

Әрбір азамат өзіне жүктелген міндеттемелерді уақытында орындауға жауапты. Берешекті дер кезінде өтеу – тек заң талабы ғана емес, азаматтық жауапкершіліктің де көрінісі. Ал сот шешімдерін орындамау көлік жүргізу құқығын шектеумен қатар, басқа да заңда көзделген мәжбүрлеу шараларына әкелуі мүмкін.

Сондықтан әрбір азамат берешектің жиналуына жол бермей, өз міндеттемелерін уақытылы орындауға ұмтылғаны жөн. Заң талаптарын сақтау – қоғамдағы тұрақтылықтың, әділдіктің және құқықтық мемлекеттің негізгі кепілі.

А.Конжанова

Абай аудандық сотының сот әкімшісінің басшысы

Алаяқтықтың алдын алған абзал

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адамдардың өмірін жеңілдеткенімен, интернет арқылы жасалатын алаяқтық қылмыстарының көбеюіне де себеп болып отыр. Алаяқтар түрлі айла-тәсілдерді пайдаланып, азаматтардың сеніміне кіріп, ақшасын немесе жеке деректерін заңсыз иемденуге тырысады. Сондықтан әрбір азамат алаяқтықтың түрлерін біліп, сақтық шараларын ұстануы қажет.

Бүгінде кең таралған алаяқтық тәсілдерінің бірі – өзін банк қызметкері, құқық қорғау органы немесе мемлекеттік мекеме өкілі ретінде таныстыру. Олар телефон арқылы хабарласып, күмәнді операция жасалғанын айтып, банк картасының деректерін, SMS-кодты немесе жеке мәліметтерді сұратады. Сондай-ақ әлеуметтік желілерде жалған интернет-дүкендер ашып, арзан бағамен тауар ұсынып, алдын ала төлем жасап жіберуді талап ететін жағдайлар да жиі кездеседі.

Алаяқтықтың құрбаны болмас үшін бірнеше қарапайым ережені есте ұстаған жөн. Ең алдымен, банк картасының нөмірін, CVV-кодын, SMS арқылы келген растау кодтарын және жеке құпиясөздерді ешкімге беруге болмайды. Күмәнді қоңырауларға сенбей, ақпаратты ресми дереккөздер арқылы тексерген дұрыс. Интернет арқылы сауда жасағанда сатушының сенімділігіне көз жеткізіп, тек қауіпсіз төлем жүйелерін пайдаланған жөн.

Егер азамат алаяқтардың әрекетіне тап болса немесе ақша аударып қойғанын байқаса, дереу банкке хабарласып, картасын бұғаттап, құқық қорғау органдарына арыздануы қажет. Уақытылы әрекет ету келтірілген шығынды азайтуға және қылмыскерлерді анықтауға мүмкіндік береді.

Алаяқтықпен күрес тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әр азамат сақтық танытып, жеке мәліметтерін қорғауға жауапкершілікпен қараса, мұндай қылмыстардың алдын алуға болады. Қырағылық пен құқықтық сауаттылық – алаяқтардың арбауына түспеудің ең тиімді жолы. Сондықтан әрқашан сақ болып, күмәнді ұсыныстарға сенбей, өз қауіпсіздігіңізді қорғауды ұмытпаңыз.

Р.Аманбаев

Абай аудандық сотының сот приставы

Балалардың сіріңкемен ойнауы неліктен қауіпті?

Кішкентай ғана сіріңкенің тұтануы үлкен трагедияға әкелуі мүмкін. Жыл сайын елімізде балалардың отпен ойнауынан жүздеген өрт оқиғасы тіркеледі. Бұл жай ғана статистика емес, бұл — қиылған тағдырлар мен күлге айналған баспаналар. Қызығушылықтың артындағы қауіп Балалар — табиғатынан ізденімпаз. Олар үшін жарқ еткен от ұшқыны — сиқырлы дүние сияқты көрінеді. Бірақ олар оттың артында қандай жойқын күш тұрғанын түсінбейді. Төсек астында, шкаф ішінде немесе тығылып сіріңке жағу — қайғылы жағдайдың басы. Мата, қағаз немесе перде өте тез тұтанады. Сәтсіздік орын алғанда, балалар қорыққаннан тығылып қалады, бұл жағдайды одан сайын ушықтырады. Ата-аналардың қателігі неде? Көбіне үлкендер «менің балам ақылды, тиіспейді» деп бейқамдық танытады. Немесе сіріңке мен оттықты баланың қолы жететін жерде ашық қалдырады. Балаға тек «тиіспе» деп тыйым салу жеткіліксіз. Оған оттың зардабын, күйік шалудың ауырлығын және түтіннен улану қаупін түсіндіру керек. Әрбір ата-ана білуі тиіс 5 ереже: Қолжетімділікті шектеңіз. Сіріңке, оттық және майшамдарды жоғары, құлыпталатын жерде сақтаңыз. Түсіндіру жұмысын жүргізіңіз. Баланы қорқытпай, оттың пайдасы мен зиянын мысалдармен айтып беріңіз. Баланы жалғыз қалдырмаңыз. Кішкентай балаларды үйде қараусыз қалдыру — үлкен қылмыс. Іс-әрекет алгоритмін үйретіңіз. Өрт шыққан жағдайда тығылмай, бірден далаға қашуды және «101» немесе «112» нөмірлеріне қоңырау шалуды үйретіңіз. Жеке үлгі көрсетіңіз. Бала сіздің отты қалай қолданатыныңызды көріп өседі. Өзіңіз қауіпсіздікті сақтаңыз. От тілсіз жау. Бақытсыз жағдайдың алдын алу — сіз бен біздің қолымызда. Балаңыздың өміріне бей-жай қарамаңыз, бүгін сіріңкені жасырыңыз!

ХАБАРЛАНДЫРУ

16.09.2026 ж. "Муздыбай учаскесінің мыс-молибден кендерін барлау жоспары"бойынша 2-санатқа әсер етуге рұқсат алуға арналған материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Геологиялық барлау жұмыстары учаскесі (2 блок) Орда ауылынан 25 км қашықтықта орналасқан.

Тыңдаулар мына мекенжай бойынша өткізіледі: Абай облысы, Абай ауданы. Орда ауылы, Қарашаш Мырзабекова көшесі, 44 үй, "негізгі орта мектеп" ғимаратында. Мамая" сағат 11:00-де

Қатысушыларды тіркеу талқылау басталғанға дейін жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Карантиндік шаралар жағдайында аталған қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейне-конференц-байланыс арқылы онлайн режимде өткізіледі.

Тыңдауларға қатысу үшін <https://us05web.zoom.us/j/9988066160?pwd=kXJjN5SS6WLGMDV5PSwFy8S98unPhad.1&omn=88428143768>

Конференцияның сәйкестендіргіші: 998 806 6160 Қол жеткізу коды: 1234

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87055093937 телефонына хабарласыңыз.

Тапсырыс беруші- Жеке компания " «K-Exploration Ltd.», Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, 250 840 900 373, E-mail: exploration.semey@mail.ru тел: 8 7775432638

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші - «UkLabProject» ЖШС (тел: 8-705-795-97-08), Потанин көшесі, 35 үй, uklab@mail.ru, Өскемен қаласы. БСН 171140020707

Жоба бойынша құжаттама СОС және ПР ҰДБ-да (Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі) <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru> сайтында, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Ақпаратты алуға және құжаттардың көшірмелерімен танысуға болатын электрондық мекенжайы мен телефон нөмірі: uprirp.abay@akimatabai.gov.kz, uklab@mail.ru тел: 8-705-795-97-08

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары мына мекен-жай бойынша қабылданады: Семей қ., «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел: 8 (7222) 35-44-32, электрондық мекен-жайы: uprirp.abay@akimatabai.gov.kz.

Әсер ету учаскесінің географиялық координаттары 49°09' 28" с.е., 79°55'12" ш.б. ; 2. 49°09'28" с.е. 79°56'00" ш.б.; 3. 49°09'00" с.е. 79°56'00" ш.б.; 4. 49°09'00" с.е. 79°55'12" ш.б.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

16.09.2026 г. проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по материалам на получение разрешения на воздействие 2 категории по «Плану разведки медно-молибденовых руд участка Муздыбай». Участок геологоразведочных работ (2 блока) расположен в 25 км. от с. Орда.

Слушания проводятся по адресу: Область Абай, Абайский район. с.Орда, ул. Карашаш Мырзабековой д. 44 в здании «Основной средней школы им. Мамая» в 11 часов:00 минут

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность до начала обсуждения.

В случае карантинных мер данные общественные слушания будут проведены в режиме онлайн посредством видео-конференц-связи на платформе ZOOM.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке <https://us05web.zoom.us/j/9988066160?pwd=kXJjN5SS6WLGMDV5PSwFy8S98unPhad.1&omn=88428143768>

Идентификатор конференции: 998 806 6160 Код доступа: 1234

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону: 87055093937.

Заказчик – Частная компания «K-Exploration Ltd.», Республика Казахстан, область Абая, город Семей, БИН: 250 840 900 373, E-mail: exploration.semey@mail.ru тел: 87775432638

Разработчик проектной документации – ТОО «UkLabProject» (Тел: 8-705-795-97-08), ул. Потанина, дом 35, uklab@mail.ru, г. Усть-Каменогорск. БИН 171140020707

Документация по проекту размещена на НБД СОС и ПР (Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов) <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru>, в разделе «Общественные слушания».

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить информацию и ознакомиться с копией документов: uprirp.abay@akimatabai.gov.kz, uklab@mail.ru тел: 8-705-795-97-08

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются по адресу: г. Семей, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», тел: 8 (7222)35-44-32, электронный адрес: uprirp.abay@akimatabai.gov.kz.

Географические координаты участка воздействия 1. 49°09' 28" сш, 79°55'12"вд; 2. 49°09'28" сш 79°56'00"вд; 3. 49°09'00" сш 79°56'00"вд ; 4. 49°09'00" сш 79°55'12" вд.

Даланы өрттен бірге сақтайық

Жазғы аптап ыстық пен құрғақшылық кезеңінде Абай ауданы аумағында дала өрттерінің қаупі күрт артады. Тілсіз жау аз ғана уақыт ішінде мыңдаған гектар жайылымдық аймақтар мен шабындық жерлерді күлге айналдыруы мүмкін. Өрт қауіпсіздігін сақтау – әрбір азаматтың міндеті. Өрттің негізгі себептері Төтенше жағдайлар бөлімінің талдауы көрсеткендей, дала өрттерінің 90%-дан астамы адам факторынан, яғни салғырттықтан шығады: Демалыс орындарында сөндірілмеген ошақтар мен отты қалдыру. Көліктен немесе жаяу жүргіншілердің жол жиегіне сөндірілмеген темекі тұқылын тастауы. Далалық жерлерде күн сәулесінен тұтанатын шыны қоқыстарды қалдыру. Шаруа қожалықтарының мал қыстаулары мен жайылым маңында отты абайсыз қолдануы. Төтенше жағдайлар бөлімі талап етеді: Аудан аумағында өрт оқиғаларының алдын алу үшін көлесі қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауды сұраймыз: Ашық от жақпаңыз: Құрғақ және желді ауа райында далалық аймақтарда от жағуға қатаң тыйым салынады. Тазаалық сақтаңыз: Табиғат аясында демалғаннан кейін барлық қоқысты, әсіресе шыны ыдыстарды өзіңізбен бірге алып кетіңіз. Техниканы тексеріңіз: Мал шаруашылығы мен шөп шабу жұмыстарына қатысатын барлық техникалар ұшқын сөндіргіштермен және алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы тиіс. Даладан түтін немесе жалын байқасаңыз, уақыт жоғалтпай бірден 101 немесе 112 телефондарына хабарласыңыз. Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзған тұлғалар заң бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Абай ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі



Тұрсын Жұртбаевтың туғанына 75 жыл

Бесқарагер

(Эссе)

Жақсыны ұлықтамау, жайсаңды қызықтамау-өз ырысын өзі тепкендік, өз тілеуін өзі кескендік. Әбіш Кекілбаев.



Өлгінде, қолжазбаларымды ақтарып, біраз кітаптарды парақтап отырсам, қолыма «Бесқарагер» ілікті. Кәдімгі өзіміздің, Тұрсынның алғашқы тырнақ алды дүниелерінің бірі әрі бірегейі. Жинақ тағдыр талқысына түскен адамдардың шешуші сәттегі психологиялық толғаныстары жайлы сыр шертеді.

1982 жылы менің тұңғышым Ақсұңқар дүниеге келіп, редакция ұжымын шідеханаға шақырған болатынмын. Алдында Тұрсынмен редакцияда кездескенбіз. Үйге шақырдым. Ақын Әнуарбек Мөкеновтің үйіне түскен екен. Әнуарбек пен Рыстай ертіп келді. Қолында осы «Бесқарагер» кітабы.

Кітаптың алғашқы бетіне «Бауырым Ақсұңқар! Қарауылдың қыраны, халықтың сұңқары бол!» - деген ақ тілегін жазыпты. Әңгіме барысында Тұрсынның да Сұңқар деген ұлы барын білдік. Отырыстың көркі одан сайын қыза түсті.

Бұл қанды қойсанызшы, «Менің Сұңқарымның Ақсұңқар атты інісі бар» - деп Тұрсын бір маркайып қалды. Марқаятын да жөні бар. Екеуміз бір ауылданбыз («Қызылту» совхозына қарасты (қазіргі Тоқтамыс ауылы) «Социалистік Қазақстан» ауылынанбыз.

Шіркін, жердің жанаты ғой. Жұлдызы биікте жанған ауыл. Қарапайым еңбек адамдары бір төбе, ауыздарын айға білеген ғалым, ақын-жазушылары бір төбе. Қызығасың, қуанасың, іштей сүйсінесің.

Айрандай ұйып отырған аядай ауылдан ғылым докторлары Төлтай Балақаев, Төлеухан, Төлеужан Садықұловтар, Тұрсын Жұртбаев, Бауыржан Жақыпов, ғылым кандидаттары Бақтажар Мекішев, Нұрахым Райханов, Айгүл Рамазанова, ақын-жазушылар Төлеужан Ысмайылов, Думан, Рамазан, Сләмғазы Әбеев, журналистер Мұздыбай Жөкенбаев, Боранбай Мақаев, Совет Махметов, Қайырбек Шағыров, Азамат, Олжас Қасымовтар, Ержан Жақыпов, Саягүл Әлімбаева шықты. Төлеужан марқұмның, Тұрсынның әкесі Құдакелдінің, менің әкем Камалдың зираттары да осы жерде.

Тұрсынның кіндігі «Социалистік Қазақстан» ауылына байланған. Төлеужан ақынның құдіреті, қасиеті, мінезі Тұрсынның бойына сіңген. Тұрсын да жасындай жарқырап, от болып өсті. Төлеужан ақынды пір тұтты. Тірі Төлеужанның аузынан шыққан әрбір өлеңді жүрегіңде сақтап алып отырды. Санасына сіңірді. Атам Махмет «Социалистік Қазақстан» қой фермасының бастығы болып жүріп, бірақ күнде етек-жеңің жиып, Қарауылға көшті. Полигоннан арырақ кеткісі келді. Ұрпағының келешегі үшін осындай қадамға барды. Абай атындағы совхозға (қазіргі Би-ата ауылы) мүшелікке кірді. Қарауылдың шетіндегі «Қырман» деген жерден үй салды.

Мен 1960 жылы мектеп табалдырығын аттадым. Тұрсын «Қызылту» совхозындағы орта мектепте оқыды. Жерлес екенімізді, бір ауылдың төлі екенімізді

біліп жүрдік. Қаламның құдіреті біздерді аудандық «Со-вхоз туы» газетінің қасиетті босағасында таныстырып, достығымызды бекіте түсті. Содан бері қарай арамыз суыған емес.

Тұрсын биікке ұшты. Биікке көтерілді. Алатауға ұя салды. Қазақ зиялыларының ішінен ойып тұрып орын алды. Төлеужан ағасы сияқты оның да үні Алатаудың шың-құзырында жаңғырып тұрды. Төлеужан ағасының ізін тапты. Соқпағына түсті. Серпілді. Құлашын кең жайды. Қанаты бекіді.

Мен Тұрсынның бірнеше атан түйеге жүк болар өлмес, өшпес, ғажайып еңбектеріне тоқталайын, талдайын деп отырған жоқпын. Оның алашшыл, абайшыл, еуезовшіл, қазақшыл қасиеттерін қазақ елі жақсы біледі. Мойындағысы келмейтіндерді мойындатып, теріс айналғандардың басын бері бұрып, іштерін күйдірген оның шығармалары Прометейдің оты сияқты мәңгілік жарқырап, жана бермек.

Тұрсынмен жолымыз жиі болмаса да түйісіп тұрды. Ол -2001 жылдың қазан айында елге келді. Жанында «сен тұр, мен атайын» деген қазақ әдебиетінің небір марқасқалары. Темірхан Мәдетбеков, Несіпбек Айтөв, Жүрсін Ерман, Жәнібек Көрменовтің жолдасы Тоты, Семейден Дәулет Сейсенов пен Балтабек Ерсеілімов бар.

Мен аудан әкімінің әлеуметтік сала жөніндегі орын-басары болатынмын. Төлеубек Аманғазин аудандық мәслихаттың хатшысы.

Жүк екеумізге түсті. Аудандық мәдениет үйінде үлкен жиын өтті. Халық мәдениет үйіне сыймай кетті. Кешті мен жүргіздім. Архат ауылының әкімі Амантай Кемербаев Қызылтуда бірге оқыған досына ат міңізді. Төлеубек Аманғазин аудан әкімдігі атынан құрмет көрсетті. Ардагер ақсақал Манатай Толғанбаев, Әнуарбек Мөкеновтің жолдасы Рыстай Тұрсын мен оның жолдасына сыйсыпат тапсырды.



Ертенгісі

— сазгер Мейрамбек Жанболатовтың үйіне, Жәнібек Көрменов атындағы саз мектебіне бардық. Мекен дастарханын жайып тосып отыр екен. Сырқаттанып жүруіне байланысты Мекен жиынға келе алмаған-ды. Қатты қуанды. Тұрсын мен Несіпбекті кезек-кезек құшақтап, тебіренді, толқыды. Саз мектебіндегі кездесу де жақсы өтті. Тоты дән риза.

Алдымызда Тұрсынның өсіп, өңгентамағасын сыпырған қасиетті Қызылтуы тосып тұрды. Мұндағы кездесу де өте әсерлі болды. Кеш мектепте өтті. Тұрсынның достары мен сыныптастары желке жүндері күдірейіп мөре — сәре күйге түсті. Жол бастаушы Төлеубек екеуміз.

Тұрсын отбасымен «Социалистік Қазақстанға» барып, әкесіне құран бағыштап қайтты. Саржал арқылы Семейге қайтатын болғандықтан біздер сапарымызды осы жерден аяқтадық. Бұл Тұрсынның ердің жасы елуге толған кезіндегі елге келіп, сағынышын басқан бір сапары болатын.

Өмір-өзен. Қазір ойлап отырсам, Қазғудегі (қазіргі Әл-Фараби атындағы Университет) дәріс берген, абайлық жастарды жанына топтастырып, бауырына басқан ұстазымыз, ғылым докторы Рымғали Нұрғалиев, сері Жәнібек, отты ақындар

Темірхан мен Несіпбек, Балташ, Мейраш ағаларымыз ортамызда жоқ. Орындары ойсырап тұр. Тұрсынмен сапарлас болған, шашбауын көтерген ақын достарының, әзіл-қалжындары әлі күнге дейін көз алдымда.

Тәубе! Тұрсынның бір сыңар қанаты болған Жүрсін Ерман ортамызда. Абайдың 180 жылдық мерейтойында Жүрсінмен дастархандас болып, сырласып, өткенді еске алып, бір жасап қалған-ды. 2001 жылдың қысында Астанада «Қалың елім қазағым!» - деген атпен Абайға байланысты республикалық үлкен шара өтті. Сол шараға «Қаламқас» халық ансамблін бастап апардым. Астана қаласы әкімінің орынбасары Төлеген Мұхаметжанов, мәдениет басқармасының басшысы Ермек Аманшаев, Абай елінен Парламентке сайланған депутат Ержан Рахметов қарсы алды.

Концерт «Конгресс холда» өтті. Залда ине шаншар жер болған жоқ. Көрермендер абайлық өнерпаздардың өрісті өнерлеріне қатты риза болды. Концерттен кейін дөңгелек стол ұйымдастырылды. Оған марқұм Ғаббас Қасымов екеуміз бардық. Абайдың туысы Мекен апайымызбен, Тұрсынмен, скрипкашы Рақымғали Мыржықбаевпен басымыз қосылды. Мекен апай мен Тұрсын шешіліп сөйледі. Абай өмірінен көп сыр ақтарды. — Келгендерің жақсы болды. Абайдың аруағы әмсе қолдап, жөбей берсің, сендерді! - деді Тұрсын қуанышын жасыра алмай.

Парламент депутаты Ержан Рахметовтың да мерейі үстем болып, ерекше ризалығын білдірді.

1992 жылы Тұрсынмен «Мойылды» санаториінде бірге демалдық. Кешке Тұрсынның маңайына топтасамыз. Демалушылар оның әңгімелерін сүйсіне тындайды. Павлодардан келіп, Тұрсыннан дәріс алған адмдар да болды. Олар болашақ ғылым жолын қуушы жастар екен. Тұрсыннан ақыл кеңес алғандарына риза.

Ақын жазушы, ғалым Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбаев қазақ әдебиеті мен ғылымында өзіндік орны, өзіндік өшпес ізі бар қаламгер.

«Есектің басына жүген тақсаң да, ол тұлпар болмай-ды». Ал, Тұрсын әдебиет әлеміндегі пырақ. Алаш идеясын сусындап, Абайды, Әуезовті пір тұтқан ол аспан әлемінде пырақ болып ұшып жүр.

Қазір не көп. Еңбегі сіңбей атақ алушылар көп. Еңбегі сіңгендер ескерусіз қалып жатыр. Медеу ағамыз кімнен кем? Бауыржан ше? Сол қатарға Тұрсынды да апарып қойды. Ішін ашиды ма, ашиды?! Мемлекеттік сыйлық тістегенің аузында, ұстағанның қолында кетіп жатыр. Тышқан сыймайтын тесіктен алтын арқалаған «пысықтар» өтуде.

Ақылын — арқан, ойын — өріс, тілін қазық еткен Тұрсын Жұртбаев 75 жасқа толып отыр. Қуаныштымын! Айрандай ұйып отырған аядай ғана ауылдан шыққан Сәнің шоқтығын қашанда биік. Ер жігіт жанын Аллаға береді, ар — намысын өзіне қалдырады, еңбегін халқына береді дегеніміз де осы.

Естелік «Бесқарагерден» басталып отыр. Еңдеше, ұлы Мұқаң айтқандай, «аға дос, іні дос» болып қала берейік, Тұрсын досым! Мерей шағың құтты болсын!



Совет МАХМЕТОВ, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Абай ауданының құрметті азаматы

Abai eli

“Abai eli”
Жауапкершілігі шектелді серіктестігі
Абай аудандық
қоғамдық - саяси апталық газет

Құрылтайшысы:
“Abai eli” ЖШС Директор - Бас редактор
АКРАМ ЖІБЕК ЖАНАРБЕКҚЫЗЫ
Жауапты хатшы Анар СӨРСЕНБИНА
Журналист Жазира ҚАЗЫҚЫЗЫ
Дизайнер Жансая СОВЕТБЕКОВА
Редакцияның мекен-жайы:
180014 Қарауыл ауылы,
Құнанбай көшесі, 12-үй. Тел/факс: 9-23-43
e-mail: abay_eli@mail.ru
www.abayeli.kz

Газет айына төрт рет шығады.

Редакция оқырман хаттарын қайтармайды.
Автордың мақалалары редакция-ның көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландыру-дың мазмұны мен мәтініне жар-нама беруші жауапты.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 01.07.13 жылы тіркеліп, N 13720 - Г тіркеу куәлігі берілген.
ТОО «Печатное издательство-агентство «Реклам-ный Дайджест» баспа орталығында офсеттік тәсілмен басылып шығады. Мекен-жайы: Өскемен қаласы Абай даңғылы 20 үй
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс №
2 Баспа табак.